

## **Дәріс №1. Курстың пәні мен міндеттері. Мәселенің тарихы.**

Курсты жалпы сипаттау. Пәннің тақырыбы бойынша ақпарат көздері. Арнаулы әдебиеттер. Қоғаммен байланыс оқу және ғылыми пән. Курстың құрылымы, негізгі түсініктер, өзге пәндермен байланысы. Пәннің мақсаты мен міндеттері. PR-технологияның коммуникативтік моделі. Ақпаратты қоғамға тарату және коммуникация. Коммуникативтік қызметтің стратегиясы.

Бұғанде паблик рилейшніздің теориясы әлемдік сипат алғып отыр. Ал тәжірибесі әр елдің мәдениеті, тілі, діні, экономикалық ерекшеліктеріне қарай әртүрлі. Бұған сонымен қатар елдегі сауаттылық деңгейі де әсерін тигізеді. Сондықтан халықаралық проблемалар жайлы сөз қозғалғанда осындай мәселелерді ескеру қажет. Бұғанде халықаралық деңгейде жұмыс істейтін кеңес беруші бірлестіктердің Паблик Рилейшнз Халықаралық Ассоциациясында (IPRA) мүшелері бар. IPRA (1955 жылы Лондонда құрылған) мақсаты түрлі елдердегі паблик рилейшнз саласындағы қызметтің нормаларын қалыптастыру және PR мамандарының кәсіби деңгейін көтеру, жұмыс тиімділігін арттыру болып табылады. Бұғанде бұл ұйым PR саласындағы білім, этика, тәжірибелік мәселелерді дамытуға бағытталған бүкіләлемдік ұйымға айналды. 1959 жылы Еуропа кәсіби ассоциациясы мен оның мүшелерінің мұддесін қорғау үшін құрылған қоғаммен байланыстың Еуропалық конфедерациясы “CERP” білім, тәжірибе алмасу, кәсіби және этикалық нормаларды қалыптастыратын форумға айналды. 1999 жылы CERP PR-дың 26 ұлттық ассоциациясын біріктірді, онда 20 мыңнан астам PR мамандары мен Еуропадағы PR қызметінің барлық саласы қамтылған. ICO PR-кенесшілері ассоциациясының халықаралық комитеті 1986 жылы халықаралық нарықта жұмыс істейтін PR-компаниялардың кәсіби қызметін үйлестіру мақсатымен құрылды. 1999 жылы ICO 21 мемлекеттің қоғаммен байланыс ұлттық ассоциацияларын біріктірді. Теориясы әлемдік сипатқа тән паблик рилейшніздің тәжірибесі әр елдің мәдениеті, тілі, діні, экономикалық ерекшеліктеріне қарай әртүрлі.

